



ASKERI

ZAN GER

Gazet 2017 jylдың қаңтар айнан
bastap shyǵady
Газета издается с января 2017 года

№9 (92) - қыркүйек/сентябрь 2024 jyl/года

Respublikalyq áskerı-quyqıtyq gazet / Республиканская военно-правовая газета

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫН ЖАРИЯЛАДЫ

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ 2-ШІ ҚЫРКҮЙЕК КҮНІ ПАРЛАМЕНТ ПАЛАТАЛАРЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН ОТЫРЫСЫНДА «ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН: ЗАҢ МЕН ТӘРТІП, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ, ҚОҒАМДЫҚ ОПТИМИЗМ» АТТЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА АРНАҒАН ЖОЛДАУЫН ЖАРИЯЛАДЫ.

Президент сөзінің басында Парламент өткен сессияда 102 заң қабылданғанын атап өтті. Олардың қатарында қоғамдық бақылауға, адам саудасына қарсы күреске, ғылым және технология саясатына, жылу энергетикасына қатысты және басқа да заңдар бар.

Мемлекет басшысының айтуынша, әлеуметтік салаға, соның ішінде балаларды қорғау ісіне айрықша көңіл бөлінген.

Президент халықтың әл-ауқатын жақсартуға септігі тиетін басқа да көптеген шара қолға алынғанына назар аударып, арқаны кеңге салуға болмайтынын, алдымызда әлі талай ауқымды жұмыс тұрғанын айтты.

– Қазақстан халқы қазір мүлде жаңа

саяси жағдайда өмір сүруде. Соңғы 5 жылда ауқымды реформалар жасалды. Еліміздің саяси жүйесі түбегейлі өзгерді. Жұрттың сана-сезімінде бетбұрыс болып жатыр. Халықтың құқықтық мәдениеті артып келеді. Азаматтардың бойында жаңа әдеттер, дағдылар қалыптасып, жаңа құндылықтар орнығуда. Саяси және қоғамдық болмысымыз, менталитетіміз және мәдени кодымыз өзгере бастады. Бір сөзбен айтсақ, Әділетті Қазақстан құрылып жатыр. Мұның бәрі, ең алдымен, халықтың қалауымен жасалуда. Сондықтан біз алған бетімізден қайтпаймыз, бағытымыздан таймаймыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында елімізді әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан одан әрі дамытуды, ақша-несие саясаты мен фискалды саясаттың арасындағы үйлесімсіздікті жоюды, инвестициялық ахуалды және бизнес жүргізуге қажетті жағдайды жақсартуды, өнеркәсіп әлеуетін толық пайдалануды, инфрақұрылымға қатысты өзекті мәселелерді шешуді, еліміздің кадрлық әлеуетін біртіндеп арттыруды, ұлт саулығын



нығайту үшін кешенді шараларды қолға алып, халықты әлеуметтік қолдау жүйесін жаңғыртуды, экологиялық ахуалды жақсартып, қоршаған ортаны қорғаудың

мән-маңызын кеңінен дәріптеуді, мемлекеттік басқару ісінің тиімділігін барынша арттыруды, сондай-ақ қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын терең орнықтыруды көздейтін бірқатар бастаманы ортаға салды.

Президент тұрақты әлеуметтік-экономикалық өрлеуді қамтамасыз ету, азаматтардың жасампаздық әлеуетін толық ашу және халықтың әл-ауқатын арттыру мемлекеттің маңызды міндеті екенін атап өтті.

– Біз – берекелі бірліктің арқасында түрлі сынақтан сүрінбей өткен халықпыз. Алдағы уақытта да солай болмақ. Бәріміз бір ел болып, әділетті және дамыған Қазақстанды бірге құрайық. Сонда әркім өз елінің кірпіші болып қаланып, арман-мұратына жете алады. Әр адамға және баршаға бірдей мүмкіндік беретін мемлекетті, яғни Әділетті Қазақстанды болашақ ұрпаққа аманат ету – баршамызға ортақ міндет. Мен Мемлекет басшысы ретінде осы міндетті орындауға бар күш-жігерімді саламын. Сіздер де ортақ мақсатқа жету үшін табанды еңбек етесіздер деп сенемін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ПОЛГОДА БЕЗУПРЕЧНОЙ СЛУЖБЫ

ШЕСТЬ МЕСЯЦЕВ КАЗАХСТАНСКИЕ ВОЕННОСЛУЖАЩИЕ НАХОДЯТСЯ НА ГОЛАНСКИХ ВЫСОТАХ В СОСТАВЕ МИССИИ «СИЛЫ ОРГАНИЗАЦИИ ОБЪЕДИНЕННЫХ НАЦИЙ ПО НАБЛЮДЕНИЮ ЗА РАЗЪЕДИНЕНИЕМ».

Казахстанский миротворческий контингент, состоящий из 139 военнослужащих, несет службу на базе Фауар, выполняя важные задачи по обеспечению режима прекращения огня.

В обязанности военнослужащих входит патрулирование в зоне ответственности миссии, охрана блокпостов, уничтожение взрывоопасных предметов, сопровождение и эвакуация персонала ООН. Для их выполнения миротворцы обеспечены всем необходимым: от современного вооружения и военной техники до тылового оборудования и медицинской поддержки.

В распоряжении миротворцев – медицинский пункт, оснащенный новейшим оборудованием и укомплектованный квалифи-

цированными военными медиками.

– Первый казахстанский миротворческий контингент прибыл на Голанские высоты 14 марта текущего года в качестве резерва командующего Силами ООН по



наблюдению за разъединением. Основная задача резерва – служба в качестве группы быстрого реагирования. В ее обязанности входит эвакуация личного состава Сил ООН, оказание первой медицинской помощи в случае ранений, а при возникновении какой-либо опасности – усиление миротворческих баз, находящихся в зоне ответственности, – уточнил задачи командир национального миротворческого контингента подполковник Жигер Аипов.

Он также пояснил, что за полгода службы казахстанский миротворческий контингент прошел три проверки. Две по предусмотренному меморандумом имуществу, привезенному из Казахстана. Одну – по оценке оперативной готовности подразделения.

– Все три проверки прошли на высоком уровне, вся техника в наличии и в рабочем состоянии. Что касается оперативной готовности роты, проверяющие сделали вывод, что ее личный состав готов выполнять поставленные задачи в установленных



временных рамках и предъявляемых требований, – дополнил подполковник Жигер Аипов.

По завершении полугодичного периода служба казахстанских миротворцев на Голанских высотах войдет в историю как еще одна успешная глава в международной миротворческой деятельности Казахстана.

ЗАҢҒА БАҒЫНҒАН ҚҰЛ БОЛМАЙДЫ

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАҺАРМАН ҰЛЫНА – 100 ЖЫЛ

АРТИЛЛЕРИСТ-ЖАУЫНГЕРЛЕРДІҢ ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ЖИЫНЫ

ӘСКЕРИ БӨЛІМДЕГІ ПАТРИОТТЫҚ ШАРА

АБАЙ ГАРНИЗОНЫНДАҒЫ 44736 ӘСКЕРИ БӨЛІМІНДЕ АШЫҚ ЕСІК КҮНІ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛЫП, СЕМЕЙДЕГІ ЖОҒАРЫ ІТ КОЛЛЕДЖІНІҢ СТУДЕНТТЕРІ ЕРЛІК САБАҒЫНА ҚАТЫСТЫ.

Бақылау-өткізу пунктінен өткен студенттерге қауіпсіздік ережелері таныстырылды. Қарулы Күштеріміздің имиджін ақпараттандыру және жас ұрпақтың патриоттық сезімін оятып, әскери қызметке деген қызығушылығын арттыруды көздеген шарада әскери бөлімнің өткені мен бүгіні жайында айтылды. Аз-кем ақпаратты тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі бөлімнің (тәртіп жөніндегі) аға офицері Мейіржан Әбдіғали берді. Қыз-жігіттерге қазарма көрсетіліп, мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің тұрмыс-тіршілігі жақынырақ таныстырылды.



МАМАНДАРМЕН ӨТКЕН КЕЗДЕСУ

ЖЕТІСУ ГАРНИЗОНЫ ӘСКЕРИ ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІНІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ОБЛЫСТЫҚ ҚОРҒАНЫС ІСТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ДЕПАРТАМЕНТІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН АЛДЫН АЛУ ІС-ШАРАСЫН ӨТКІЗДІ.

Ол осы жылға арналған Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери бөлімдері мен мекемелерінде «Өмірді сақта» ведомствоаралық бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының талаптарын және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери бөлімдері мен мекемелердегі оқиғалар мен құқық бұзушылықтардың нүктелік алдын алудың әдістемесінің қыркүйек айына жоспарланған алдын алу шараларын орындау мақсатында өткізілуде.

Іс-шараға Әскери полиция бөлімінен

Жауынгерлік тапсырманы орындау барысында қайтыс болған старшина Ержан Бақытбекұлы Қонарбаев, Арыс қаласында жауынгерлік міндетін атқару кезінде мерт болған майор Аманжол Сәбитұлы Ақишев, 2022 жылы 5 қаңтарда Алматы қаласын қорғау кезінде лаңкестердің қолынан қаза тапқан Сәндібек Галимұллаұлы Хайров ерліктері де ұмыт қалмады. Әскери міндеті мен азаматтық парызын абыроймен атқарып, ержүректілігімен ерекшеленген жауынгерлер жайында тәрбие және идеологиялық жұмыстар бөлімі бастығының (әскери қызметшілердің отбасы мүшелерімен жұмысты ұйымдастыру жөніндегі) көмекшісі Гүлфат Рафикова баян етті. Әскери бөлімде 48 студентпен бірге сурдоаудармашы да жүрді.

Студенттердің жетекшілері шынайы әскери өмірді көруге мүмкіндік бергені үшін бөлімнің қолбасшылығына алғыстарын айтты.

әділет майоры Нұрбол Зейтинов, майор Мадияр Айдарбек, аға лейтенант Қайрат Рахымжан, Жетісу облысы Полиция департаменті жергілікті полиция қызметі басқармасы бастығының орынбасары полиция подполковнигі Аида Бельгибаева және экстремизмге қарсы іс-қимыл басқармасының аға жедел уәкілі полиция майоры Айдын Бимұратов қатысты.

Шарада лауазымды тұлғалар «Суицид көріністерін алдын алу», «Назар сал, жаяу жүргінші!», «Әкімшілік құқық бұзушылықтары үшін жауапкершілік» және «Айыппұлсыз жол» атты тақырыпта бейнероликтерді көрсете отырып сабақ өткізді.

Жетісу гарнизонының баспасөз қызметі



УКРЕПЛЕНИЕ ДИСЦИПЛИНЫ ЧЕРЕЗ ПРОФИЛАКТИКУ



В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ ОБЕСПЕЧЕНИЕ БЕЗОПАСНОСТИ И СОБЛЮДЕНИЕ ПРАВОПОРЯДКА СРЕДИ ВОЕННОСЛУЖАЩИХ СТАНОВИТСЯ ОДНОЙ ИЗ ВАЖНЕЙШИХ ЗАДАЧ, СТОЯЩИХ ПЕРЕД ВОЕННОЙ ПОЛИЦИЕЙ. СОТРУДНИКИ УПРАВЛЕНИЯ ВОЕННОЙ ПОЛИЦИИ АКТАУСКОГО РЕГИОНАЛЬНОГО ГАРНИЗОНА ПРОДОЛЖАЮТ АКТИВНО РАБОТАТЬ В ЭТОМ НАПРАВЛЕНИИ, ОРГАНИЗУЯ АКЦИИ И МЕРОПРИЯТИЯ, НАПРАВЛЕННЫЕ НА ПРЕДОТВРАЩЕНИЕ ПРАВОНАРУШЕНИЙ.

Одним из ярких примеров является акция под названием «Пьяный водитель – преступник», реализованная под девизом «Алкоголь и наркотики – источник преступности». Эта инициатива направлена на повышение осведомленности военнослужащих о последствиях употребления алкоголя и наркотических средств, а также на предотвращение преступлений, связанных с управлением транспортными средствами в состоянии опьянения.

В рамках акции были проведены профилактические мероприятия, включая круглый стол, на котором обсудили ответственность за нарушение законодательства. Эти меры направлены на всестороннее информирование военнослужащих и укрепление правосознания. Во время мероприятия было уделено особое внимание вопросам поддержания общественного порядка, как во время службы, так и в личной жизни военнослужащих. Были разъяснены их обязанности

и ответственность в случае правонарушений, а также проведен анализ совершенных преступлений.

Отдел административной практики Управления военной полиции Актауского гарнизона в сотрудничестве с комитетом правовой статистики и специального учета Генеральной прокуратуры Республики Казахстан регулярно проводит анализ и сравнение данных о нарушениях, совершенных военнослужащими. В результате таких сравнений выявляются случаи административных правонарушений, которые не всегда связаны с военной службой, но могут существенно повлиять на дисциплину и репутацию воинских частей. Например, по итогам анализа за второй квартал 2024 года было зафиксировано несколько случаев нарушений среди военнослужащих различных родов войск, что послужило поводом для дальнейшей профилактической работы.

Ключевую роль в предотвращении нарушений играет постоянная разъяснительная работа среди военнослужащих. Помимо акций, таких как «Пьяный водитель – преступник», проводятся обучающие занятия, конференции и специальные мероприятия, которые способствуют укреплению дисциплины и осознанного поведения среди воинских коллективов.

Стоит отметить, что частота и системность таких мероприятий являются важными элементами, которые позволяют не только повысить осведомленность военнослужащих, но и предотвратить правонарушения, укрепляя воинскую дисциплину.

САРБАЗДАРҒА ҚҰҚЫҚТЫҚ ТҮСІНДІРУ ЖҮРГІЗІЛДІ

ЖЕТІСУ ГАРНИЗОНЫ ӘСКЕРИ ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІНІҢ АЛДЫН АЛУ БӨЛІМШЕСІ, ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ӨКІЛДЕРІ ЖӘНЕ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ АДВОКАТТАР АЛҚАСЫНЫҢ АДВОКАТТАРЫМЕН 54380 ӘСКЕРИ БӨЛІМІНІҢ МЕРЗІМДІ ҚЫЗМЕТТЕГІ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРІМЕН МЕМЛЕКЕТТІК КЕПІЛДІК БЕРГЕН ЗАҢ КӨМЕГІН КӨРСЕТУ БОЙЫНША МАҢЫЗДЫ ІС-ШАРА ӨТКІЗДІ.

Іс-шараға Жетісу облысының әділет департаментінің құқықтық түсіндіру жұмысы және халыққа заңгерлік қызмет көрсету бөлімінің басшысы Жасұлан Ерсайын және бас маман Сәуле Калышева, Жетісу облысы адвокаттар алқасының адвокаты Әйгерім Арылбаева қатысты.

Шараның басты мақсаты мерзімді әскери қызметшілердің қандай да бір шешілмей жүрген әскери немесе азаматтық мәселелерін тегін мемлекеттік кепілдік берген заң көмегін көрсету арқылы кеңес беру және шешу болып табылады.

– Осындай профилактикалық ал-

дын алу іс-шараларының тұрақты түрде өткізілуі әскери қызметшілердің заң талаптарын білуі мен құқықтық білімдерін арттыруға септігін тигізеді, - дейді Жетісу гарнизоны Әскери полиция бөлімінің алдын алу бөлімшесінің бастығы әділет майоры Нұрбол Зейтинов.

Өз кезегінде сарбаздар ойларындағы сұрақтарын қойып оған тиісті және нақты жауаптарын алды.

Жетісу гарнизонының баспасөз қызметі



НЕ ДОПУСКАТЬ НАРУШЕНИЙ ЗАКОННОСТИ

В РЕГИОНАЛЬНОМ КОМАНДОВАНИИ «АСТАНА» ПРОШЛО УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКОЕ СОВЕЩАНИЕ, В КОТОРОМ ПРИНЯЛИ УЧАСТИЕ НАЧАЛЬНИКИ И ОФИЦЕРЫ ЮРИДИЧЕСКИХ СЛУЖБ ИЗ ВСЕХ ВОИНСКИХ ЧАСТЕЙ КАРАГАНДИНСКОГО ГАРНИЗОНА.

Занятие проводилось в соответствии с учебным планом. Основная цель обучения - совершенствование практических навыков армейских блюстителей закона. В ходе

обучения военнослужащим юридических подразделений были разъяснены нормы законодательства о воинской службе, жилищного законодательства, законодательства о государственных закупках, а также разъяснена работа с судебными исками и жалобами. Также обсуждалось решение проблемных вопросов, встречающихся в повседневной жизни. Участники встречи обменялись опытом и поделились мнениями. Кроме того, в этот же день юристы сдали нормативы по физической подготовке.

Руководитель юридического отдела управления командующего войсками регионального командования «Астана» поставил задачи по дальнейшему совершенствованию правового обеспечения.

- Считаю, что сегодняшний сбор был нам очень полезен. Есть много целей, задач и планов. Мы должны постоянно повышать нашу профессиональную квалификацию. Кроме того, необходимо добросовестно выполнять служебные обязанности, не допуская нарушения законности. Следует постоянно работать над укреплением служебных связей, взаимодействия с органами правопорядка, государственными организациями, - подчеркнул начальник юридического управления регионального командования «Астана» подполковник юстиции Даурен Тусупбаев.

В ходе коллегиального совещания воен-



ные юристы прошли тестирование и проверили свою квалификацию.

**Фархат КИНЖИТАЕВ
Фото Айдына ТОНТАЕВА**

АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ АЙТЫЛДЫ

ЖАН САУЛЫҒЫ – ЕЛ САУЛЫҒЫ. ҚАЗІРГІ УАҚИТТА ҚР ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІНДЕ ҚЫЗМЕТ АТҚАРЫП ЖҮРГЕН ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ БІРІ. ҚОҒАМДА ӘТІРҮРЛІ ЖАҒДАЙЛАРДЫ АЛДЫН АЛУ МАҚСАТЫНДА ӘСКЕРИ САЛАДАҒЫ ПСИХОЛОГТАР ЖАН-ЖАҚТЫ ЖҰМЫС ЖАСАУДА.

Біздің Кеңес Одағының батыры, Халық қаһарманы, Армия генералы Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетов атындағы әскери колледже әскери қызметшілер мен азаматтық персоналдарға, колледжде тәлім-тәрбие алып жүрген ұландар мен кадеттермен жүйелі түрде психологиялық жұмыстар қызметі қарқынды жұмыс жасауда. Әскери колледждегі жалпы психологиялық

жағдай колледж бастығы полковник Г.А.Тулеушев бас назарында ұстап, әрдайым бақылап, талаптардың орындалуын қадағалап отырады.

Әлемде өршіп тұрған «қаһарлы дерт» атанған дерттің бірі – суицид! Біздің колледждің психологтары кәсіби психологтармен етене жұмыс жасауда. 2024 жылдың 20 қыркүйегінде әскери колледжімізге Қазақстан Республикасының Психологтар Ассоциациясының жаттықтырушы-супервизоры, отбасылық тәрбие жөніндегі психолог-кеңесшісі, метафорлық психотерапевт, психолог-практик, тәжірибелі дәрігер Анна Борисовна Поздееваны арнайы шақырды. Мақсатымыз – суицид жағдайлары мен белгілерін анықтау мәселелері. Анна Борисовна өз тәжірибесімен, білімі мен біліктілігімен бөлісіп, екі кезеңнен тұратын жиналыста дәріс оқыды. Дәріс тақырыбы:

«Суицид белгілері мен оны алдын алу шаралары». Бірінші кезеңде колледжде қызмет атқаратын әскери қызметшілер мен олардың отбасыларымен кездесіп, дәріс оқып, түрлі сұрақтарға барынша жауап берді. Екінші кезеңде кадеттер мен ұландармен кездесіп, маңызды сұрақтарға жауап берді. Психолог-дәрігер А.Поздееваның кәсіби шеберлігі, оқыған дәрісінің ауқымдылығы мен маңыздылығын ерекше атап өту керек. Қатысушыларға суицидтің қоғамда бар екенін, суицид жасау қатерін, оның өлімге әкелетінін, өзін өмірден қасақана айыруға бағытталған әрекеттердің орны толмас жағдайларға алып келуі жөнінде айтылды. Суицидтік әрекеттің екі түрі сараланды: 1) шынайы, яғни өлімге ниетті; 2) аутоагрессивті (көрсетіп жасау) әрекет (өзін-өзі улау, өзіне дене зақымын келтіру және т.б.). Шынайы суицидтік әрекет: өзіне-өзі қол жұмсауға шынайы ниетін жүзеге асыруға мүмкіндік бермеген суицидтік әрекет (мәселен, біреу асылып тұру сәтін көріп, бұл әрекеттерге кедергі жасаған, суицид жасаушы ұландырғыш заттың өлімге әкелетін дозасын есептей алмауы). Суицидті көрсетіп жасау: өзіне-өзі қол жұмсауға шынайы ниеті жоқ аутоагрессивті әрекет («көмекке

шақыру» түрі, айналасындағы адамдардың назарын өзіне аудару тәсілі). Суицидке әкелетін негізгі факторлар нақты айшықталды: адамның өзіне, өзінің қызметіне көңілі толмауынан, ұжымдағы тұлғааралық қатынастардан, жеке-психологиялық қасиеттерінің әскери қызмет талаптарына сәйкес келмеуінен, ең маңыздысы – отбасындағы түрлі жағдайлар, балалық шақтағы психологиялық жарақаттардың салдары, жауапсыз махаббат, тұқымқуалаушық, лудоманияның әкелетін салдары және т.б. мәселелер. Әсіресе, күз мезгілінде суицид өршиді.

Колледжде суицидті алдын алу үшін динамикалық байқау тобы түзіліп, аса назарды талап ететін топпен жұмыс жасалынады. Динамикалық байқау тобы – психиканың жай-күйін жүйелі түрде байқауды, сондай-ақ осы байқау нәтижесі бойынша қажетті психологиялық көмек көрсетуді және психологиялық-педагогикалық іс-шараларды талап ететін психологиялық проблемалары бар әскери қызметшілер. Динамикалық байқау тобындағы есепке алынған тұлғалармен профилактикалық іс-шаралар жария етілмейді. Суицид мәселесі – ұжым мәселесі.

ЗАҢҒА БАҒЫНҒАН ҚҰЛ БОЛМАЙДЫ

«АСТАНА» ӨНІРЛІК ҚОЛБАСШЫЛЫҒЫНЫҢ ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ЖОСПАРЫНА СӘЙКЕС «АСТАНА» ӨНІРЛІК ҚОЛБАСШЫЛЫҒЫ ҚОЛБАСШЫСЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ВЕДОМСТВОЛЫҚ БАҒЫНЫСТЫ ӘСКЕРИ БӨЛІМДЕРІНІҢ ЗАҢ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ БАСШЫЛАРЫМЕН ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ЖИЫНДАРЫ ӨТКІЗІЛДІ.

Оқытудың негізгі мақсаты – заң қызметінің қызметкерлерін оқыту және тәжірибелік дағдыларын жетілдіру. Оқыту барысында заң бөлімшелерінің әскери қызметшілеріне әскери қызмет туралы заңнаманың, тұрғын үй заңнамасының, мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың нормалары түсіндірілді, сондай-ақ жетіспейтін сомаларды мемлекетке өтеу,



талап-арыздар мен шағымдарды жүргізу жұмыстары түсіндірілді. Сонымен қатар күнделікті өмірдегі проблемалық мәселелерді шешу қарастырылған. Жиынға қатысушылар күнделікті қызметте туындайтын түрлі түйткілді мәселелер бойынша өзара тәжірибе алмасып, пікірлерін ортаға салды. Оқу-жаттығу жиыны барысында әскери қызметшілер Қазақстан Республикасының заңнамасын және дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтерді білуі бойынша сынақтан өтті. «Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлер қолбасшысы басқармасының заң бөлімінің басшысы құқықтық қамтамасыз етуді одан әрі жетілдіру бойынша міндеттер қойды.

САУЫҚТЫРУ САБАҒЫ

АЯГӨЗ ГАРНИЗОНЫНДА ӘСКЕРИ ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІНІҢ БАСТАМАСЫМЕН «ЗАҢ ЖӘНЕ ТӨРТІП» АЙЛЫҒЫ АЯСЫНДА ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУҒА БАҒЫТТАЛҒАН САБАҚ ӨТТІ.

Гарнизондағы әскери бөлімдердің барлық санаттағы әскери қызметшілеріне ішімдік пен есірткінің залалы, психотропты заттарды заңсыз сақтау мен өткізу және жат ағымның әскери ортаға енуіне жол бермеу, отбасылық зорлық-зомбылықтың алдын алу, көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзбау туралы баяндамалар жасалды. Заң талаптары түсіндірілді. Жеке құрамға құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған қысқа метражды бейнероликтер де ұсынылды.

ҚР әскери полиция бас басқармасының 2024 жылғы қыркүйек айына жоспарлаған негізгі іс-шаралары негізінде өткізілген сабаққа гарнизондағы әскери полиция бөлімінің алдын алу бөлімшесінің бастығы капитан Р.Сүтжанов, әскери полиция бөлімі автомобильдік полиция бөлімшесінің офицері лейтенант Д.Телебаев, Аягөз аудандық көпсалалы ауруханасының психологы Ж.Ахметова, «Қазығұл ата» мешітінің имамы М.Тушкышбаев, қаладағы ішкі саясат бөлімінің теолог маманы Ж.Байтөлеуов, Аягөз аудандық полиция бөлімінің әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының инспекторы полиция капитаны Б.Салихова қатысты.

Аягөз гарнизоны әскери полиция бөлімінің алдын алу бөлімшесінің бастығы әділет капитаны Руслан Сүтжановтың айтуынша, әскери ортада салауатты өмір

салтын қалыптастыру мен құқықтық танымды жетілдіру мақсатында жоспарланған сабақ жоғарғы деңгейде өтті. Кездесу барысында жеке құрамға кез келген құқық бұзушылықтың салдары үлкен қылмысқа

әкеліп соғатындығы жеткізілді. Мамандар тарапынан толық ақпарат берілді.

Алуа ИСКАКОВА



ҚАЗАҚТЫҢ ҚАҺАРМАН ҰЛЫНА – 100 ЖЫЛ



Өмір жолы
Рақымжан Қошқарбаев (1924-1988 жж.) – Берлиндегі Рейхстагқа жеңіс туын тіккен қазақ батыры, Халық қаһарманы (1999 ж.)

Балалық шағы
1924 ж. 19 қазанда Ақмола облысы, Ақмола ауданы, Тайтөбе ауылына жақын орналасқан Қырыққұдық қыстағында дүниеге келген. Арғын тайпасы Қуандық руы Темеш бөлімінен шыққан. Ол ата-анасынан ерте айырылды: 4 жасында анасы дүниеден өтті, ал әкесі болса, жалған саяси жаламен сотталып, ГУЛАГ лагерьлерінде болды.

Рақымжан Тайтөбе балалар үйінде тәрбиеленді. Оның балалық шағы туысқансыз және жанашырлық білдіретін адамдарсыз өтті. Оған ананың мейірімі мен жылы алақаның, әкенің қамқорлығын сезіну бұйырмады. Ол жатақханаларда тұрды, асханадан тамақтанды, бір үлгіде тігілген арнаулы киіммен жүрді. 7 жылдық мектепті бітірген соң, осы арадан Балқаш қаласындағы фабрика-зауыт училищесіне жіберілді. Өзінің өмірі және фабрика-зауыт училище туралы Қошқарбаев өзі жазған «Штурм» деген кітабын кітабындағыда жан-жақты баяндады.

Әскерде:
Ол осындай алғашқы, жартылай әскери және қатаң шынығумен 1942 жылы 18 жасында әскер қатарына келді.

Көкшетаулық полктегі әскери қызметтің жағдайы аса ауыр болды, қала мұндай ірі әскери бөлімді орналастыруға дайын емес еді, казармаға, асханаға, сабақ өткізуге, штабқа және басқа да әскери ұйымдар мен әскери қызметкерлерге арналған үйлер болмады.

1943 жылдың жазында полктен офицерлік училищеде оқытуға сержанттардың бір тобы іріктеліп алынды, Рақымжан осы топқа ілігіп, Россияның Тамбов қаласынан қоныс аударып, Фрунзе қаласына орналасқан офицерлік училищеге келеді.

Рақымжан училищенің қоғамдық өміріне белсене араласты және партия мүшелігіне кандидат болып қабылданды. Бұл жағдай салтанатты түрде өткізілді, оның әскери қызметке деген адалдығы



мен ынталылығы, жақсы әскери және дене шынықтыру даярлығы да аталды.

Училищені 1944 жылдың қазан айында тәмамдап, оған кіші лейтенант шені берілді. Р. Қошқарбаев бірінші Беларусь майданының 3-ші пәрменді армиясына келіп жетті. Армия штабы Брест маңындағы Седле стансасына орналасқан.

Ту тігуі:
Гитлердің жер бетінде тек асыл текті неміс халқы ғана өмір сүруі қажет



деп, өрөккіректік пен шектен шыққан менмендікке бағытталған зұлым саясатының салдарынан тұтанған алапат соғысқа елімізден аттанған 350 мың қазақ қайтып еліне оралмады. Олар сұрапыл соғыс жылдарында Отанын, туған жерін жаудан жанқиярлықпен, асқан ерлікпен қорғай білді. Нәтижесінде 500 қазақстандық жауынгер мен офицерлер Кеңес Одағының батыры атанды. Олардың 98-і қазақ ұлтының өкілдері.

Ұлы Отан соғысында рейхстагқа ту тігіп, алғаш рет ұлы жеңістің жалауын желбіреткен Рақымжан Қошқарбаев пен Григорий Болатов 300 метр жердегі фашизм ұясы – Рейхстагқа бораған оқ астынан 7,5 сағатта әзер жетті. Григорий Рақымжанды иығына шығарып, туды Рейхстаг қабырғасына неғұрлым жоғары тіккізгені өте қиынға түскені анық. Бұл өлімге бастарын тіккенмен бірдей іс екеніне ешкімнің де таласы бола қоймас. Содан кейін-ақ, немістердің мысы

басылып, ендігі қарсыласу ешқандай да ақылға сыймайтынын түсінсе керек. Кеңес Үкіметінің басшылары бұл соғысты Ұлы Отан соғысы деп жариялады. Барлық ұлтты сол Отанды қорғау үшін күреске шақырды. Отан біреу деген ұғымды саналарына сіңірді. Қазақтар да сол үшін жан аямай шайқасты. Ерліктің үлгісін көрсетті.

Марапаттары:
Рақымжанның майдандағы соғыстарға қатысуы мерзімді баспасөзде және көркем әдебиетте жан-жақты жазылды. Берлиннің өзінде болған соғыстарда ол өзінің взводымен ең алдыңғы шептерде болды, Шпрееге - соңғы сулы бөгетке және Король алаңына – «Гимлердің үйіне» бірінші болып жетті. «Бірінші» дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен марапатталды. Одер өзенінен өтудегі қанды шайқастан кейін оны партия мүшелігіне қабылдады. Ал партия билеті аса маңызды бекіністі және саяси маңызды мақсатқа жетудің мадақтау белгісі ретінде «Гимлердің үйінде» табыс етілді.

Осында «Гимлердің үйінде» барлау взводының командирі, лейтенант Қошқарбаевқа Рейхстагқа Қызыл туды тігу туралы тарихи жауынгерлік бұйрық берілді. Жалауды оған батальон командирі Давыдов және саяси жетекші Васильченко табыс етті. «Гимлер үйі» мен Рейхстагқа дейін арақашықтық 360 метр ғана, бірақ ол жан-жағынан оқ жаудырылған ашық

астанасындағы «Алматы» қонақ үйінде директор болып жұмыс істеді.

Рақымжан Қошқарбаев Алматы қаласындағы Совет аудандық халық депутаттары Кеңесінің депутаты болып үш рет сайланды. Қошқарбаев соғыс ардагерлері комитетінің қазақ бөлімшесінің президиумының мүшесі, кеңес-герман достығы қоғамының мүшесі болды. «Целиноград қаласының құрметті азаматы», «Балқаш қаласының құрметті азаматы», «Арқалық қаласының құрметті азаматы» атақтарымен марапатталған.

Ол екі кітап жазды: «Жеңіс туы» және «Дауыл: 1410 күн».

1988 жылы 10 тамызда қайтыс болып, Алматы қаласындағы Кеңсай зиратында жерленген.

Мадақтамалары:
№:035 бұйрығымен: 22.04.1945 ж. 79-атқыштар корпусы үшін 150-атқыштар дивизиясының 674-атқыштар полкінің атқыштар взводының командирі, лейтенант Рақымжан Қошқарбаев Одер өзенінен өту кезінде соғысқаны үшін 1-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталады.

№: 121 соққы армиясының Қарулы Күштерінің бұйрығымен: 18.06.1945 ж. 150-атқыштар дивизиясының 674-атқыштар полкінің атқыштар взводының командирі, лейтенант Рақымжан Қошқарбаев Берлиндегі және Рейхстагтағы шайқастар үшін

Қызыл Ту орденінің иегері болады. Оның барысында ол взвод жауының 200-ден астам солдатты мен офицерін жойды, 184 солдатты, қызметшілері бар 14 далалық зеңбіректерді, 27 ауыр пулеметті тұтқынға алды.

№ 119 бұйрығымен 28.10.1945 ж. 674-ші атқыштар полкі үшін 150-атқыштар дивизиясының 674-ші атқыштар полкінің атқыштар взводының командирі лейтенант Рақымжан Қошқарбаев «Берлинді алғаны үшін» медалімен марапатталды.

1985 жылы 2-дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталады.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 1999 жылғы 7 мамырда 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігі мен қаһармандығы үшін рейхстагқа алғашқылардың бірі болып Жеңіс туын тіккен Рақымжан Қошқарбаевқа (марқұм) жоғары ерекшелік белгісі – «Халық қаһарманы» атағы берілді.

Соғыстан кейін:
Рақымжан Қошқарбаев Қазақ КСР

Халық қаһарманы атағы Р. Қошқарбаевқа 2001 жылы берілді. Батырдың жұлдызын тапсыру сәтіне Қошқарбаевтың жары Рахила, қызы Әлия және майдандас досы Ж.Жанасов шақырылды.

Естеліктер:

Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1989 жылғы 17 сәуірдегі «Ұлы Отан соғысының ардагері Р.Қошқарбаевтың есімін мәңгі қалдыру туралы» қаулысымен Целиноград облысындағы (қазіргі Ақмола облысы) Целиноград ауданындағы «Қосшы» ауылындағы орта мектепке оның есімі беріледі.

Қазақстан Республикасының басты қаласында, Астанадағы даңғылға Рақымжан Қошқарбаевтың есімі берілді.

Ақмола облысындағы бұрын Романовка деп аталған ауылдың атауы Рақымжан Қошқарбаев ауылы болып өзгертілді.

Р.Қошқарбаев тұратын Алматы қаласындағы Достық даңғылындағы № 42 үйде және өмірінің соңына дейін жұмыс істеген «Алматы» қонақүйінің кіреберісінде мемориалдық

тақталар орнатылды.

Сондай-ақ, Алматы қаласы, Алатау ауданындағы «Өжет» шағын ауданындағы көшеге Рақымжан Қошқарбаевтың есімі берілді.

Ескерткіштер:

Астана қаласында Бауыржан Момышұлы мен Рақымжан Қошқарбаев даңғылдарының қиылысында ескерткіш орнатылды.

2015 жылы Жеңістің 70 жылдығына орай Целиноград облысының аудан орталығы Ақмол ауылында жерлестер целиноградтық Рақымжан Қошқарбаев пен Талғат Бигелдиновте бюсттер орнатылған.

Ақмола облысы, Қосшы қаласына қарасты Тайтөбе ауылында Рақымжан Қошқарбаевтың 100 жылдық мерейтойы қарсаңында аллея және бюст орнатылуда.

ҚР ҚМ Тәрбие және идеологиялық жұмыстар департаментінің идеологиялық жұмыстар басқармасының аға офицері полковник С.А. Жақыпбеков



ГЕРОЙ РЕШАЮЩЕГО ШТУРМА

19 ОКТЯБРЯ ИСПОЛНЯЕТСЯ 100 ЛЕТ СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ РАХИМЖАНА КОШКАРБАЕВА – ГЕРОЯ-КАЗАХСТАНЦА, ПЕРВОГО ВОДРУЗИВШЕГО ЗНАМЯ ПОБЕДЫ ВО ВРЕМЯ ШТУРМА РЕЙХСТАГА. ДОЛГОЕ ВРЕМЯ В СОВЕТСКИХ КНИГАХ ПО ИСТОРИИ УКАЗЫВАЛОСЬ, ЧТО ПОДВИГ СОВЕРШИЛИ МИХАИЛ ЕГОРОВ И МЕЛИТОН КАНТАРИЯ, А О ГЕРОИЗМЕ РАХИМЖАНА КОШКАРБАЕВА УМАЛЧИВАЛОСЬ.

ОДНАКО ПАМЯТЬ О ПОДВИГЕ СОХРАНИЛАСЬ, БОЛЬШУЮ РОЛЬ В ЭТОМ СЫГРАЛИ ГЕРОЙ ОБОРОНЫ МОСКВЫ ПАНФИЛОВЕЦ БАУЫРЖАН МОМЫШУЛЫ, ПРЕДСТАВИТЕЛИ КАЗАХСТАНСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ, СРЕДИ КОТОРЫХ КАКИМЖАН КАЗЫБАЕВ, ПИСАТЕЛИ ГАБИТ МУСРЕПОВ, ГАБИДЕН МУСТАФИН, АБДИЛЬДА ТАЖИБАЕВ.


Рахимжан Кошкарбаев родился в октябре 1924 года в Тайтөбе, тогда Акмолинской губернии. Ему было четыре года, когда он потерял мать, а в 13 лет он остался круглым сиротой - отец был репрессирован, и мальчик сразу же попал в детский дом. Преодолевая все сложности жизни, он смог не потерять человечность и воспитать в себе железную дисциплину. По окончании 7 классов школы поступил в фабрично-заводское училище. Когда началась Великая Отечественная война ему было всего лишь 16 лет, но несмотря на юный возраст Рахимжан всеми силами хотел попасть в Красную армию.

За два месяца до своего совершеннолетия, в августе 1942 года, он был направлен в стрелковый полк в городе Кокчетав. Потом его направили в Тамбовское общевойсковое пехотное училище, эвакуированное во Фрунзе (ныне Бишкек). Лишь в октябре 1944-го года младший лейтенант Кошкарбаев, с отличием окончив училище, отправился на передовую.

